

Пәннің аты: БАҚ-дағы халықаралық ақпараттың берілу ерекшелігі. 3-курс.
Лектор: аға оқытушы Шаймаран Мұрат

№5 дәріс

CNN

1980 жылдың 1 маусымында кешкі сағат 18.00 де Американдық Атланта қаласында CNN өзінің хабарын бастады. CNN-ң құрылу тарихы 1970 жылы басталды. Американдық Роберто Эдвард (Тед) Тернер, өзінің жарнамалық бизнесін сатып, Атланта мен Шарлотта қалаларында екі тәуелсіз телебекеттерді сатып алды. Үш жылдың ішінде Тед Тернер шағын каналдардан 1975 жылы пайда әкелетін TBS-Turner Broadcasting System компаниясын ашты. 1970 жылдың соңында Тернердің ойына тәулік бойы жасайтын телеарна шығаруды ойлайды. Бастапқыда телеиндустриямен шұғылданатындар Тернердің бұл идеясын үмітсіз деп санады, және халық көп мөлшерде жаңалықтар қарай алмайды деп Тернерді көндіргісі келді. Дегенмен 1970 жылы Тернер Атланттық каналды 20 млн-ға сатты. Сол жылдың 21 мамыр күні CNN каналы 1980 жылдың 1 маусымында эфирін бастайды деп Тернер уәде беріп, өз сөзінде тұрды. Бастапқыда 1.7 млн жазылушылар және көп шығын келтіретін оның каналы, американдық телеарналар ішінде аутсайдер болып есептелді. CNN-ң бәсекелес компаниялардың алдында бір маңызды артықшылығы болды, қандай да болсын хабар басқа каналдардағы сияқты кешкі прайм-тайм тәртібінде емес, нақты уақыт тәртібінде берілді. CNN-ң пайда болуы коммуникациялық технологиялардың дәуірлеуімен, сонымен қатар нон-стоп режимінде берілетін жаңалықтарға да сұраныстың көбеюімен қатар болды. Осы жағдайлардың барлығы каналдың өсуіне себепші болды. «Тернер Бродкастинг систем» (ТИ-БИ-ЭС)-тәулік бойы кабельді теледидар арқылы хабар таратса, қазір бұл CNN-спутниктік-кабельді қызмет деп аталып, дүние жүзін тәулік бойы ақпаратпен қамтамасыз етеді.

CNN-кабельді жаңалықтар жүйесі деп аталғанымен, қазір бұл қызмет нағыз электронды спутниктік жүйе. 19 космостық байланыс жерсерігі арқылы 220 мемлекеттің телекөрсермендері әлемнің барлық түпкіріндегі оқиғаның куәсі болып отырады. 1991 жылы компания президенті Тед Тернер «Жыл адамы» болуы да осыған байланысты.

CNN-нің қызметі жөнінде қазір көп жазылып, көп айтылып жүр. «Broadcasting Cable» журналы әр санында жазса, «Журналист» журналы да

көптеген мағлұматтар берді. Ал, ғалым М.К Барманқұловтың бұл жайлы жазып жүргендері кітап болып шығарылды.

СТТ-интернет қызметін пайдаланады. Өзінің барлық ақпаратын соған салады. Мұның өзі тиімді де, өйткені 24 сағат бойы жаңалықты телидидаралдында міз бақпай отырып көру мүмкін емес, ал «Интерент» арқылы «хедлайн ньюс» алу өте ыңғайлы.